



1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aqtobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

Сана



ҰЛТТЫҚ САПА БӘЙГЕСІ: КӘСІПОРЫНДАР ЖЕТИСТІГІ

Астана қаласында Президенттің «Алтын сапа» сыйлығы және ұлттық сапа байгелерінің лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Биылғы шараға өлімдіздің барлық өңірінен сапа менеджменті мен әлеуметтік жауапкершілік бағытында озық көрсеткішке жеткен кәсіпкерлер мен ұйымдар жиналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев лауреаттарды марапаттап, кәсіпкерлерге табысты еңбегі үшін алғыс білдірді. Кәсіпкерге қолайлы жағдай жасау — мемлекет алдындағы маңызды міндет екенін атап өтті.

Шарада «Атамекен» ҰҚП президентінің төрағасы Райымбек Баталовтың қатысуымен дәстүрлі «Қазақстанның үздік тауары», «Парыз», «Іскер», «Кәсіби маман», «Ұлы дала елі», «Адал азамат» конкурстарының үздіктері де анықталды.

Облыстың атынан қатысқан «Зару» шаруа қожалығының жетекшісі Бану Тілегенова «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын» номинациясы бойынша Президент сыйлығының лауреаты атанды. Бұл шаруашылық өңірде санаторлық-пантолық емдеу бағытын дамытып отыр. Сондай-ақ марал шаруашылығымен айналысып, әлеуметтік-инновациялық жобаларды жүзеге асырып келеді.

«Алтын сапа» конкурсы төрт кезеңнен тұрады және жыл сайын өндірістік, тұтынушылық және азық-түлік тауарларының ең үздік өндірушілерін анықтайды.

«Парыз» сыйлығының «Экологияға қошқар үлесі үшін» номинациясында шағын және орта бизнес субъектілері арасында «Lustim star» компаниясы жеңіске жетті. Компания директоры — Аспан Шойбеков. Кәсіпорын өңірдегі мектептермен жылдар бойы макулатура жинау жобасын жүзеге асырып келеді. Бір тонна қайта өңделген қағаз 17 ағашты сақтап, 26 мың литр суды үнемдеп, көмірқышқыл газының көлемін 165 келіге азайтуға мүмкіндік береді.

Ал «Кәсіби маман» республикалық конкурсында «Үздік кәсіпорын» аталымы бойынша Гран-при «Қазхром» ТЖК АҚ филиалы — Ден

тау-кен байыту комбинатына табыс-талды. Компанияның бас директоры — Бауыржан Өтемісов.

«Үздік колледжі» номинациясы бойынша Гран-при Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжіне берілді. Оқу орны дуальды оқытуды енгізіп, тау-кен-металлургия саласы үшін қажетті білікті мамандар даярлауға басымдық береді. Колледжі директоры — Бағдатжан Молдашев.

«Кәсіби маман» конкурсы биыл Жұмысшы мамандықтары жылы аясында ұйымдастырылған болатын. Республикалық деңгейде 54 үміткер «Үздік колледжі», «Үздік кәсіпорын» және «Үздік тәлімгер» номинациялары бойынша сынға түсті.

Адалдық, ашықтық және қоғамдық құндылықтарды дәріптейтін кәсіпкерлерге арналған «Адал азамат» сыйлығының лауреаттары қатарында екі ақтөбелік компания бар. Оның бірі «Ақтөбе» оңалту орталығы» ЖШС (директоры — Күлпаршың Айдарханова) болса, екіншісі — «Есо Madeniet» ЖШС (директоры — Айман Секенова).

Бұл компаниялар балаларға білім беру, медициналық және ойын-сауық бағыттары бойынша қолдау көрсетуге, сондай-ақ өңірде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосып келеді.

ТМД елдерінің «Әнім мен қызмет сапасындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаттары арасында Ақтөбеден «ГО Глобал — Спецдежда» ЖШС да бар. Кәсіпорын директоры — Надежда Шабаяева.

Фабрика жылына 1,2 млн бұйым шығарады, әлемдік стандарттағы жабдықтармен қамтылған. Компания металлургия, мұнай-химия, тау-кен, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларына арналған арнайы киім тігумен айналысады.

Д.ҚАЗИХАН

Кездесу

ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕР ӨТКІЗДІ

Халықаралық «AQTOBE INVESTMENT FORUM – 2025» инвестициялық форумы аясында облыс әкімі Асхат Шахаров шетел мемлекеттерінің дипломатиялық және Ресейдің өңірлік ведомстволарының өкілдерімен екіжақты кездесулер өткізді.



Келіссөздерге Австрия, Әзірбайжан, Армения, Үндістан, Малайзия, Хорватия елшілері және Ресей Федерациясының өңірлік мемлекеттік органдарының ресми өкілдері қатысты.

Кездесулер барысында тараптар экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын, өзара сауданы дамыту, бірлескен өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Асхат Шахаров Қазақстанның серіктестерімен конструктивті саяси диалогты қолдайтынын және сауда-экономикалық, өнеркәсіптік және инновациялық салалардағы өзара қатынастарды кеңейтуге қызығушылық танытатынын жеткізді.

— Ақтөбе облысы — шетелдік серіктестермен экономикалық және инвестициялық ынтымақта-

стықты кеңейтуге айтарлықтай әлеуеті бар өнеркәсіптік өңірлердің бірі. Аймақ өндіріс, жоғары қосылған құны бар өнім экспортын дамыту, соның ішінде мұнай-химия, металлургия, тамақ, химия, фармацевтика және басқа да салалар бойынша кең мүмкіндіктер ұсына алады. Біз бірлескен жобаларды жүзеге асыруға, инвестиция тартуға, өндірістік алаңдар құруға және сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге дайынбыз, — деді облыс әкімі.

Тараптар сауда-экономикалық байланыстардың тұрақты өсімін атап өтіп, экспорттық жеткізілімдерді кеңейту, бірлескен жобаларды іске асыру және жаңа өндірістік, инвестициялық алаңдар құру арқылы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға дайын екендігін айтты.

Д.АЙДАР

АҚТӨБЕДЕ «СЫБАҒА» ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ



«Сыбаға» — ата-баба мұрасын жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды бүгінгі ұрпақ санасына сіңіруге бағытталған маңызды мәдени бастама. Үш күнге созылған этнофестиваль аясында өңір жұртшылығына мазмұны терең, тағылымы мол кең ауқымды бағдарлама ұсынылды. «Тағылым» күні облыстағы мәдениет ошақтары мен білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін танымдық шаралар мен шеберлік сағаттары өткізілсе, «Дәстүрлер жаңғырығы» күнінде көне ұлттық аспаптар көрмесі, отандық және шетелдік шеберлердің шеберлік сағаттары, сән көрсетілімі, сондай-ақ «Көнеден жеткен дәм» атты ұлттық тағамдар гастрофестивалі мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ал «Салбырын» күнінде саятшылық, құсбегілік, тазы жүгірту, садақ ату секілді ұлттық спорт түрлері насихатталды. Бұдан бөлек асық ату спортынан халықаралық турнир өтті.

отандық және шетелдік шеберлердің шеберлік сағаттары, сән көрсетілімі, сондай-ақ «Көнеден жеткен дәм» атты ұлттық тағамдар гастрофестивалі мен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ал «Салбырын» күнінде саятшылық, құсбегілік, тазы жүгірту, садақ ату секілді ұлттық спорт түрлері насихатталды. Бұдан бөлек асық ату спортынан халықаралық турнир өтті.

ДӘСТҮРЛЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Дәстүрлі «Сыбаға» этнофестивалінің салтанатты ашылуында көне ұлттық аспаптар көрмесі, отандық және шетелдік шеберлердің шеберлік сағаттары, «Дәстүрлер жаңғырығы» сән көрсетілімі ұйымдастырылып, келушілерге концерттік бағдарлама ұсынылды.

Облыс әкімі Асхат Шахаров этнофестивальға қатысушылармен пікірлесіп, «Дәстүрлер жаңғырығы» сән көрсетілімін тамашалады.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылымда «Өткеніміз ғана өмір сүретін жұрт өркеніміз ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартмамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет» деп атап өткен болатын. Салт-дәстүр — адамзат үшін ілгерілеудің сақылмас қайнар көзі. Ғылыми-техникалық прогресс қанша дамығанымен, қолда бар жетістіктердің іргетасын қалаған құндылықтардан бас тартуға болмайтындығын ескелең ұрпаққа жеткізу — басты міндет. Фестиваль аясында өткізілетін іс-шаралар барысында тәл мәдениетіміздегі құндылықтарды, рухани дүниелерді және өнер түрлерін дәріптей білу қазіргі тәрбие ісінде оң әсер береді деген сенімдемін. Ақтөбеліктердің рухани-мәдени бастамасын қолдап, шетелден және еліміздің басқа өңірлерінен келген қонақтарға ынталылығымызды білдіремін, — деді өңір басшысы.

Өнер орталығының фойесінде еліміздің әр түрлілерін, шетелдерден келген шеберлер өз туындылары көпшілікке таныстырды. Олардың қатарында зергерлер, ши тоқу, киіз басу, тері, сүйек, сырмақ, бау тоқу, қыш шеберлері, этностильдегі, жүннен басылған киімдер дизайнерлері бар. Соның бірі — Бішкек қаласынан келген киім дизайнері Гүлмира Ахматова. Ол меринос қойы-



ның жүнінен қолмен иірілген жіптен дәстүрлі әдіспен кездеме тоқып, одан заманауи киімдер дайындайды екен.

— Ұмыт бола бастаған өнерді қайта жаңғырту мақсатында осы істі қолға алғаным біраз жыл болды. Ауылдағы апалар жүнді іріп береді, ал мен оны жуып, бояп, тоқып, белдемше, шалпан, шарф, орамал сияқты киімдер жасаймын. Негізгі мамандығым — қырғыз тілі пәнінің мұғалімі, ал қолөнер — жанның қалауы. Қазір Бішкекте жастарға осы дәстүрлі тоқу өнерін үйретіп, ұлттық мұрамызды заманға сай жаңғыртып жүрмін. Өз бұйымдарымды Қырғызстанда ғана емес, шетелдердегі көрмелер мен жәрмеңкелерде де таныстырып, табиғи жүннің құндылығын кеңінен насихаттап келемін. Ақтөбеде өтіп жатқан этнофестивальға арнайы келіп қатысып жатырмын, мұндай фестивальдер — шеберлердің бір-бірімен тәжірибелерін алмауына ынталымыз қалауымыз, — дейді ол.

«Дәстүрлер жаңғырығы» сән көрсетілімінде киім дизайнерлерінің этностильдегі киімдері сахнадан көрсетілді. Ұлттық сырмақ шебері Инабат Аязбаеваның айтуын-

ша, «Сыбаға» фестивалі — қолөнер шеберлеріне өз туындыларын көпшілікке таныстыруға таптырмас мүмкіндік. «Быыл дизайнерлер арасынан арнайы іріктеуден өтіп, фестивальға қатысуым — мен үшін үлкен мәртебе. Ұлттық киімді заманауи үлгіде жаңғыртып, сырып тігілетін жылы сырт киім, бел-



демше, сырылған шалбар, кеудеше сияқты бұйымдар дайындаймын. Бүгінгі топтама жастарға арналған жаңа үлгілермен толықты», — дейді ол.

ӨКПЕСҮТ ПЕН ҚАРМАНЫҢ КҮДІРЕТІ

Ақтөбе қаласындағы «Сарқыт» мейрамханасында «Сыбаға — 2025» этнофестивалі аясында «Көнеден жеткен дәм» гастрофестивалі өтті.

Шараның мақсаты — ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамдарды қайта жаңғыртып, халқымыздың ас мәдениетін жас ұрпаққа таныту. Фестивальға облыстың 12 ауданы қатысып, әр өңір өзіне тән көне тағамдарын, олардың тарихы мен жасалу жолын көпшілікке ұсынды.

Қонақтар ерекше қызыққан тағамның бірі — үлпершек. Халқы-

мыздың дәстүрінде бұл тағам ата-ананың қызына деген махаббаты мен қамқорлығын білдіретін арнайы ас ретінде дайындалған. Қобда ауданының тұрғыны Назифа Алдрапекова үлпершектің бұрын тұрмысқа шыққан қыз алғаш рет терініне келгенде өзірленетін тағам екенін айтты.

— Ұзатылатын қызға жасалатын тағамды әзірледім. Бұрын тұрмысқа шыққан қыз күйеуінен рұқсат алып қана ата-анасына қонаққа барған. Сонда төркіні оған арнап ерекше ас — үлпершек дайындаған, — деп бұл тағамның жасалу әдісімен де бөлісті.

Мұғалжар ауданы аспаздарының жылқы етінен әзірлеген тағамдары қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Ал Алға ауданынан өкелінген бауырсақ пен милаулау ұлттық асхана ерекшелігін көрсетсе, балық шаруашылығымен танымал Ырғыз ауданы көне балық пісіру әдістерін көпшілік назарына ұсынды. Қонақтар қарма, көмбе балық және тасқа пісірілген балық сияқты тағам түрлері таныстырылды. Ырғыздық кәсіпкер Құралы Берекеш ата-бабаларымыздың жоқшылық заманда балықты саз балыққа орап, шоққа

көміп пісірген әдістерін түсіндірді. Тіпті балықтан жасалған шұжық та көпшілікке таныстырылды. Ырғыздықтар дастарқанға ескі және заманауи үлгіде дайындалған балық тағамдарын қатар қойған.

Ұлттық тағамдарды дәріптеу барысында хромтаулықтар «Арда емген» және «Түте» атты көне ас түрлері туралы кеңінен мағлұмат берді. Хромтау тарихи-өлкетану музейінің директоры Нұргүл Аманғалиева «Арда емген» — сүтке пісірілген ет, мәртебелі мейрамдарға арналған қасиетті ас екенін айтты.

Фестиваль қонақтарының назарын аударған тағамдардың бірі — өкпесүт. Ардагер ұстаз, Қобда аудандық белсенді өмір сүру орталығының мүшесі Баян Назарова көпшілікке бұл тағамның жасалу жолын түсіндірді. Ол қойдың өкпесіне сүт құйып өзірленетін өкпесүттің реңкіскен жандарды татуластыру мақсатында дайындалатынын айтты.

(Басы. Соңы 2-бетте).

Ынтымақтастық

ҚЫТАЙЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Асхат Шахаров Қытай Халық Республикасының Шаньси провинциясынан келген делегациямен кездесті.

Айта кетейік, өңір басшысы биыл сәуір айында Шаньси провинциясына іссапармен барып, екіжақты әріптестік бағыттарын талқылаған болатын.

Кездесуге ҚХР-дың мемлекеттік қаржы және өнеркәсіптік құрылымдарының өкілдері қатысты. Тараптар екіжақты ынтымақтастықты тереңдету, экономикалық байланыстарды нығайту және Ақтөбе облысы аумағында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективаларын талқылады.

Асхат Шахаров қытайлық делегация мүшелеріне аймаққа жасаған сапары мен белсенді қы-



зығушылығы үшін алғыс білдіріп, Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас жылдар бойы өзара құрметке және стратегиялық әріптестікке негізделіп келе жатқанын атап өтті.

Оның айтуынша, Қытай — Қазақстанның негізгі сауда әріптестерінің бірі, ал Ақтөбе облысы мен қытайлық инвесторлар арасындағы ынтымақтастық тұрақты оң қарқынмен дамуда.

Өз тілшіміз.